

6D030100 - «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелері (Ұлттық және халықаралық тәжірибе)» тақырыбына жазылған Рашева Гульнур Койшыновнаның диссертациясына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ШҚІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі, оның жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламамен (практикалық және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі бүгінгі таңдағы өте өзекті мәселелердің бірі болып отыр, мемлекет аумағына карантиндік зиянкестер, өсімдік аурулары және арамшөптердің таралуы ауылшаруашылығы өндірісіне, азық-түлік қауіпсіздігіне қауіп төндіріп, қоршаған ортада улы химиялық заттардың жинақталуына себепші болып отыр.

Елімізде жаңа Экологиялық Кодекстің қабылдануы мен «жасыл экономикаға» көшу тұрғысынан фитосанитарлық қауіпсіздікті сақтау мәселесі жедел шешуді талап етеді. Бұл мәселеде фитосанитарлық іс-шараларды цифрландыру, экологиялық таза өнім алу мен қоршаған ортаға келетін әсерді азайту мақсатында қауіпсіз өсімдік қорғау құралдарын пайдалану маңызды болып табылады.

Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық реттеу аясында көптеген нормативтік актілер қабылданғанымен, аса қауіпті зиянды организмдер және карантиндік организмдерден еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне, ауылшаруашылығы дақылдарының түсімділігіне келетін қауіпті азайту мүмкін болмай отыр. Зиянды организмдердің ауыл шаруашылығы алқаптары мен орман алқаптарына таралуын уақтылы анықтау және болжау, зерттеу, олардың азық-түлік қауіпсіздігіне әсер етуін шектеу жолдарын табу кезек күттірмейтін және басым міндеттер болып табылады.

Қазақстанда фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету тұрғысынан кешенді зерттеулер кездеспейді, осы саладағы шет елдік тәжірибені зерттей отырып, Қазақстандағы заңнама мен құқықтық жүйенің ерекшеліктерін ескере отырып, оң тәжірибені қолдану туралы зерттеулер жүргізу өзекті болып табылады.

Ізденушінің диссертациялық жұмысының өзектілігі фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің теориялық мәселелерімен қатар, фитосанитарлық шараларды қолдану тәжірибесіне де негізделеді. Біздің ойымызша, диссертациялық жұмыс тақырыбының өзектілігі күмән тудырмайды, экологиялық және аграрлық құқықтың күрделі мәселелеріне арналған.

2. Диссертацияларға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Диссертациялық зерттеудің авторы қорғауға бірнеше ғылыми нәтижелерін ұсынады, соның ішінде жаңа нәтижелер қатарына мыналарды атауға болады:

Бірінші ғылыми нәтиже. Фитосанитарлық қауіпсіздікті ұлттық қауіпсіздіктің бір бөлігі ретінде, оның ішінде азық-түлік, экономикалық, экологиялық және т.б. қауіпсіздіктермен арақатынасын айқындай келе, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы және халықаралық шарттардың нормалары мен көптеген заңгер-ғалымдардың көзқарастарын талдай келіп, фитосанитарлық қауіпсіздік ұғымының теориялық және тәжірибелік аспектілерін зерттей отырып, фитосанитарлық қауіпсіздік ұғымының авторлық тұжырымдамасын бере білген.

Екінші ғылыми нәтиже. Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етудегі саласындағы заңнамада фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің авторлық тұрғыдан қағидалары ұсынылған және олардың мазмұны талданылған.

Үшінші ғылыми нәтиже. Аграрлық және экологиялық құқық саласындағы арнайы әдебиеттер мен қолданыстағы заңнаманы талдай келе, фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету нормаларының құқық жүйесіндегі орны мен мәртебесі айқындалған.

Төртінші ғылыми нәтиже. Пандемия жағдайындағы фитосанитарлық қауіпсіздікті мемлекеттік реттеу, оның мазмұны мен тиімділігін арттыру тетіктері анықтала отырып, осы саладағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы мен мемлекеттік органдардың қызметін жетілдіру жөнінде теориялық және тәжірибелік тұжырымдар әзірленген.

Бесінші ғылыми нәтиже. Өсімдік қорғау құралдары айналымын реттеу саласында тәжірибелік ұсыныстар берілген, биоагенттер айналымын реттеуге қатысты арнайы заңнама қабылдау ұсынылған.

Алтыншы ғылыми нәтиже. Халықаралық фитосанитарлық ынтымақтастық мазмұнын талдап, ерекшеліктерін негіздей алған. Осы саланы дамытуға байланысты нақты ұсыныстар жасаған.

Жетінші ғылыми нәтиже. Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша көптеген ұсыныстар берілген, мысалы, ҚР «Астық туралы», «ҚР Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңдарына өзгерістер енгізу қарастырылған.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, (ғылыми қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Автормен диссертациялық жұмысты жазу барысында отандық және халықаралық заңнаманы, арнайы мамандандырылған әдебиеттерді пайдалана отырып, жеткен ғылыми нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындылар ғылыми негізделе отырып алынған және шынайы болып табылады:

Бірінші нәтиже фитосанитарлық қауіпсіздік ұғымын анықтауда халықаралық стандарттардың, ұлттық заңнаманың нормаларын талдай отырып негізделген. Шынайылығы заң ғылымы саласындағы көптеген зерттеулерді пайдаланумен анықталады.

Екінші, үшінші, төртінші нәтиже шынайы және фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің теориялық аспектілерін кешенді түрде талдау арқылы негізделген.

Бесінші, алтыншы нәтиже шынайы, сонымен бірге, шет елдік заңнаманы салыстырмалы талдай отырып, фитосанитарлық шараларды қолдану тәжірибесіне сүйене отырып негізделген.

Жетінші нәтиже шынайы және Қазақстан Республикасындағы әрекететуші заңнаманы талдай отырып негізделген.

Автормен диссертация жұмысында тұжырымдалған анықтамалар мен ережелер экологиялық және аграрлық құқық ғылымы тұрғысынан ғана емес, салааралық, кешенді мәселе ретінде зерттелген. Ізденушінің зерттеу жұмысында келтірген ғылыми нәтижелері мен қорытындыларының жазылу стилі біркелкі, ғылыми академиялық тілдік дәрежеде түсіндіре алған.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, (ғылыми қағидасының), тұжырымдары мен қорытындыларының жаңашылдық деңгейі.

Г.К. Рашеваның «Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелері (Ұлттық және халықаралық тәжірибе)» атты диссертациялық зерттеу жұмысында берілген нәтижелер, қорытындылар және ұсыныстар жаңа болып табылады, ғылыми жаңалығы ретінде фитосанитарлық қауіпсіздіктің маңызын ұлттық қауіпсіздіктің, оның ішінде экономикалық, азық-түлік қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі ретінде азаматтардың таза экологиялық өнімге құқығын қамтамасыз ету факторы ретінде айқындап, құқық саласында докторлық диссертациялық деңгейінде қазақ тілінде, кешенді түрде зерттелген монографиялық зерттеу деуімізге болады. Зерттеу жұмысы алдына қойылған мақсатына жеткен, ғылыми тұрғыда маңызды және мазмұнды зерттеулер қатарына жатады. Ізденушімен қол жеткізілген ғылыми нәтижелер құқық ғылымында жаңа нәтижелер қатарына жатады:

Бірінші ғылыми нәтиже. Автормен фитосанитарлық қауіпсіздік ұғымының авторлық анықтамасының тұжырымдалуымен жаңа болып табылады.

Екінші ғылыми нәтиже. Автормен фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз етудегі қағидалардың авторлық түсінігі және оның түрлеріне талдау берілгендіктен жаңа болып танылады

Үшінші ғылыми нәтиже. Фитосанитарлық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету нормаларының құқық жүйесіндегі орны анықталып, фитосанитарлық қауіпсіздік құқық институты ретінде көрсету жаңа нәтиже болып табылады.

Төртінші ғылыми нәтиже. Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекеттік-құқықтық тетігі, мемлекеттік органдардың қызметі және оларды жетілдіру жөнінде теориялық және тәжірибелік тұжырымдар қол жеткізілген жаңа нәтиже болып саналады.

Бесінші ғылыми нәтиже. Автормен өсімдік қорғау құралдары айналымын реттеудегі ұлттық және халықаралық заңнама талдана отырып, авторлық анықтамалар мен ұсыныстар берген жаңа нәтиже болып есептеледі.

Алтыншы және жетінші ғылыми нәтиже. Фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы шет елдік тәжірибе зерттеліп, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша көптеген ұсыныстар

берілгендіктен жаңа нәтиже болып саналады.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау.

Рашева Гульнур Койшынқызының диссертациясы ішкі жүйелігімен және бірлігімен сипатталады. Диссертациялық зерттеу жұмысы тақырыбына сәйкес жоспар құрылған, мазмұны жоспарға сәйкес, ғылыми нәтижелері мен қорытындылары жүйелі сабақтастықта сипатталған. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық түрде өзара байланыста, ғылыми ережелер, алынған нәтижелер мен ұсынымдар диссертацияда қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес болып келеді. Бұл диссертациялық зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижелер мен қорытындыларға келуді бір бағытта жүргізуге мүмкіндік берген. Осыған сәйкес диссертациялық зерттеу жұмысын ішкі бірліктегі ғылыми талаптарға сай орындалған жұмыс деп санауға болады.

6. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер үлкен теориялық және тәжірибелік маңызға ие. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы құқық ғылым саласын одан әрі дамытуға ықпал ететін қағидаларға, теориялық ережелер мен тұжырымдардың болуына негізделген.

Диссертациялық жұмысты орындау нәтижесінде жасалған қорытындылар Қазақстан Республикасындағы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін зерттеу жұмыстарында қолдануға болады. Диссертация материалдарын жоғарғы оқу орындарында оқылатын оқу процесінде қолдануға болады.

Практикалық маңыздылығы осы саладағы органдардың қызметін құқықтық реттеуде қолдануға болатындығымен қорытындыланады.

7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің, тұжырымдар мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Диссертацияның қорытындылары, негізгі ғылыми нәтижелері, ұсыныстары диссертантпен келесі басылымдарда апробацияланған:

1. Фитосанитарлық қауіпсіздік Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі ретінде // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі». - 2018.- №2(57). - 106-109 бб.;

2. «Фитосанитарлық қауіпсіздік» ұғымын анықтаудың теориялық мәселелері // «Қазақстан Республикасы және Орта Азия елдерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру: жағдайы, үрдістері және даму перспективалары» М.Әуезов атындағы ОҚМУ «Заңтану және халықаралық қатынастар» факультетінің 20-жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция. - Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2018. - 21-23 бб.(Айгаринова Г.Т.);

3. Қазақстан Республикасының фитосанитарлық қауіпсіздік саласындағы заңнамасының қалыптасуы мен даму ерекшеліктері // Материалы ежегодной научной практической конференций студентов, магистрантов, аспирантов, докторантов и соискателей «Потенциал молодежи в Евразийской интеграции: экономика, права, политика». Этюды молодых. Выпуск 17. Том 1. - Алматы,

2018. - 313-318 бб.;

4. International Legal Aspects for Ensuring Phytosanitary Safety on the Example of the Analysis of the WTO Agreement on the Application of Sanitary and Phytosanitary Measures // Journal of Environmental Management and Tourism. – 2019.-Volume X, Issue 5(37), Fall. - p.1037-1049 (Aigarinova G.T., Aidarkhanova K.N.);

5. Еуразиялық Экономикалық Одақ кедендік шекарасында карантиндік фитосанитарлық бақылау (қадағалау) қызметін жетілдіру мәселелері // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. – 2019. - № 1(89). - 82-91 бб. (Айгаринова Г.Т.);

6. Harmonization issues of legislation of the Republic of Kazakhstan in conformity with the norms of the World Trade Organization in the field of phytosanitary security. // News of the National Academy of Science of the Republic of Kazakhstan. Series of social and human science. - 2019. -№ 1 (323). - p.175-179 (Aigarynova, G.T., Sozuer A.);

7. Некоторые аспекты правового обеспечения фитосанитарной безопасности по законодательству Турецкой Республики // Сборник материалов международной конференции студентов и молодых ученых «Фараби әлемі», Алматы. - 2019. - С. 331-333;

8. Қазақстан Республикасында фитосанитарлық сараптама жүргізудің құқықтық мәселелері // Заң ғылымдарының докторы, профессор Владимир Александрович Кимді еске алуға арналған «Қазақстандық конституционализм: мәселелер мен шешімдер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. - Алматы, 2019. - 455-462 бб.;

9. Legal Issues for Ensuring Phytosanitary Safety and Environmental Protection //Journal of Environmental Management and Tourism. - 2020. - Volume XI, Issue 3(43), Summer. - p. 538-549 (Oryntaev Zh., Akshatayeva Zh., Aigarinova G.T., Kalkanova Zh.);

10. Particularity of phytosanitary security legal support in modern times of agricultural system of farming development (analysis of agrarian, land and environmental legislation) // Al-Farabi Kazakh National University, Journal of Actual Problems of Jurisprudence, 2020. - № 1(93). - p.112-118 (Aigarinova G.);

11. Regulace používání pesticidů v zemědělství (kapitola IV.4.) // Půda v právních vztazích : aktuální otázky. 1. vyd. Brno: Masarykova univerzita, 2020, 472 s. Spisy Právnické fakulty Masarykovy univerzity, řada teoretická, Edice Scientia, 690. ISBN 978-80-210-9695-0 (brož.), 978-80-210-9696-7 (online). - p. 350-356. (Tkáčiková, Jana; Vomáčka, Vojtěch; Židek, Dominik a kol.);

12. Ауылшаруашылық кооперациясы жағдайындағы фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері (Қазақстан және шет мемлекеттердің тәжірибесі) // «Ғылым» халықаралық ғылыми журнал, 2020. - № 4 (67). - 102-107 бб. (Айгаринова Г.Т., Акшатаева Ж.Б.).

8. Академиялық адалдық және тәуелсіздік қағидасының сақталуы

Аталған диссертациялық зерттеу жұмысында автордың академиялық адалдық қағидасын қатаң сақтағаны көрініп тұр. Сонымен бірге, автордың өзі жеке орындаған еңбек болып табылады.

9. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен

ұсыныстар.

Диссертацияны оң бағалай келе, мазмұнына байланысты кейбір кемшіліктер мен ұсыныстарды атап кетуге болады:

1. Фитосанитарлық қауіпсіздік қағидаларын жіктеп, түсіндірме беріп кеткен, дегенімен азық-түлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларымен байланыстырып кетсе, жұмыс ашыла түсетін еді.

2. Диссертацияда фитосанитарлық бақылауды іс жүзінде жүзеге асыру туралы көбірек мәлімет берілсе, осы тармақтың құндылығы артатын еді.

Жоғарыда аталған ескертулер диссертацияны жоғары деңгейде орындалып, толығымен аяқталған жұмыс деп есептеуге кері әсерін тигізбейді.

10. Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарына сәйкестігі.

Рашева Гульнур Койшыновнаның 6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін іздену үшін дайындаған «Фитосанитариялық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету мәселелері (Ұлттық және халықаралық тәжірибе)» атты диссертациясы ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережесінің» талаптарын қанағаттандыратын, диссертацияларға қойылатын талаптарға сай келетіндіктен «6D030100-«Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты зерттеу жұмысы деп есептеймін.

Ресми рецензент:

«Мирас» университетінің
қауымдастырылған профессоры,
философия докторы (PhD)



А.Т. Озенбаева

А.Т. Озенбаева

«8» қаңтар 2021 ж.

Озенбаева А.Т.
ШЫҒЫС № _____
" ____ " 201_ж.